

М.Ж.

САХНА САНДАҒЫ



СӘУЛЕЛІ СОҚПАК

Асылханов Сәулебек туралы қысқа толғау

Өнер адамының тартатын азабы жеткілікті, бірақ қуаныш құшақтайтын сәттер де баршылық.

Бүгін мерейтойын тойлап отырған Сәулебектің өнер жолын жас күннен бері білемін десем, артық айтпағаным. Әзірбайжан Мәмбетов ағасының етегінен ұстап, көздері жәудіреген екі жас жігіт «Әкем» театрының сахнасына үрке-қорқа шығып жүріп, бірте-бірте «өз адамы» болып, өсіп, өркендеген, марқайып жетілген. Оның бірі – Әбубәкір, қазір «Әкем» театрының белді режиссері. Екіншісі Сәулебек.

Сәулебектің жөні бөлек болды. Мен 2004 жылдың көктемінде Астана қаласына көшіп келгенде мені алғашқы тауып кездескен өнер адамдарының бірі осы Сәулебек еді. Екеуміз Есіл өзенінің жағалауына шығып арлы-берлі ұзақ жүргеніміз есімде. Әлдебір сәтте Сәулебек сәл мұңайғандай, бар сырын ашып айтқанына ұялғандай, тұнжырап тұрып:

— Әкім аға, — деді, Президенттің Мәдениет орталығына ойлана қарап тұрып, — мынау ғажап ғимараттың сахнасы босқа тұр. Шіркін-ай, маған берсе ғой, деп армандаймын. Қазіргі директорына бірнеше рет ұсыныс жасап едім, менің сөзімді тың-

дайтын құлақ таппадым. Астанада театр аз, бірақ әсіресе қажет театр қазақтың сана-салтын, әдет-ғұрпын дәріптейтін, ұзақ жолға бастайтын бір театр қажет. Сіз Астанаға көшіп келдіңіз, сол мұнымды сізге әдейі айтып тұрмын, — деді.

Арада екі жыл өткен соң, Асылхановтың асыл арманы өзінен өзі келіп, қолына топ ете түскендей, ғажайып жағдай болды. Ешкімді іздемейтін, ешкіммен сөйлеспейтін, «нөл бастық» қызметінен кетіп, оның орнына, баяғыда, Кенен бабасының қолында өсіп тәрбиеленген, Жамбыл бабасының көл-көсір шығармашылығын зерттеп, ғалым атанған Мырзатай, доктор, профессор, мемлекет қайраткері Мырзатай Президенттік Мәдениет орталығына директор болып келді. Көп кешікпей, ол өзінің маңайына зиялы, өнерлі жастарды жинай бастады. Соның бірі осы Сәулебек еді.

Ал Сәулебекпен біз бұдан бұрын «істес» болғанбыз. Махамбет ақынның, батыр ақынның мерейтойына орай маған Ұйғыр театрының басшыларынан ұсыныс түскен.

— Әкім аға, Махамбет туралы бізге бір драмалық шығарма жазып берсеңіз. Сол шығармаңызды біз қазақ тілінде қойсақ, шіркін-ай, — деген еді.

Мен біраз ойландым, толғандым. Күндердің күнінде өзінен-өзі құйылып түскендей болып, бір шығарма ешбір қиналусыз өмірге келді.

Жазарын жазғанмен, айтар ойымды айтқанмен, мен ол шығармама дөп басып түсетін ат — тақырып таба алмай, қиналып жүрдім. Күндердің күнінде жай ғана «Махамбет» деп қойсам қалай деп шештім.

Пьеса жазылады, оған ат та қойылады, бірақ драмалық шығармалардың бір қасиеті — содан кейінгі тұратын бір сөз, екі сөз анықтамасы болады. Сол анықтамаға да мен көп қиналдым. Ақырында, «фантазмагориялық драма» деп айдар тақтым. Оның себебі, менің бұл шығармам екінің бірі түсіне бермейтіндей жанрда жазылған еді. Махамбет туралы пьесада Исатайдың болмауы талайларды таң қалдырып, үлкен сұрақ белгі болып, автордың өңменіне қадалатынын білдім. Сонда да мен бұл шығармаға Жәңгірді ғана «кіргізіп», Жәңгірдің төңірегіндегі қайраткерлерді, Фатима сұлуды, Фатиманың әкесін, інісін кіргізіп, Исатайды кіріктіре алмадым. Себебі, Исатай тақырыбы бөлек тақырып деп түсіндім. Одан басқа да бір оғаш жағдайлар бар еді. Ол — менің бұл шығармама Шоқан Уәлиханов пен Федор Достоевскийді кіргізуім еді. Ол екеуін кіргізбесем, менің шығармам, менің айтатын ойым анық айтылмайтынын сездім. Сонымен, фантазмагориялық драма жазылды. Енді бұны кім қою керек дегенде, мен ары ойланып, бері

ойланып, сол кездегі Мәдениет және ақпарат министрі Дүйсен Қорабайұлы ініме бардым. Ол кісіге түсіндіріп жеткіздім: «Менің мына шығармамды бір қоя алса, Сәулебек Асылханов қояр» дедім. Дүйсен, ақкөңіл жігіт, жымыып күлді: «Аға, оған неге қиналып отырсыз? Асылханов қойсын десеніз, қойғызамыз. Айтайын, Алматыға шақыртып берейін» деді. Сонымен, Астанада Мәдениет министрлігінің аппаратында жүрген білдей чиновникті Алматыға шақыртып алдық. Жұмыс басты адам, екі ай жатып қойылым қоя алмайтыны белгілі. Ол үш аптадай ғана Алматыда болып, Ұйғыр театрында менің Махамбетіме, менің мәтініме жан кіргізді.

Менің өз әдетім, еш уақытта режиссердің талғамына, шешіміне араласпаймын. Жаздым, режиссерға беремін, оның қойылымы маған ұнамаса, әрине, тыйым саламын. Ал өзін-өзі билей алатын, көрерменнің көкейін түсіне білетін режиссерға: «Сен анау әртісті ал, сен анау сценаны былай шеш, сүйт-бүйт, музыкаң мындай болсын» деп айту өбестік деп білемін. Сонымен, үш апта тер төгіп, Сәулебегім Астанасына қайтып кетті. Мен спектакльді режиссерсіз көрдім. Риза болдым. Таңдағаныма өкінген жоқпын. Сол кезде Қазақстанның Батыс қиырындағы Орал қаласында Республика театрлары бас қосып, жылда өтетін фестивальға дайындалып жатқан еді. Мен Дүйсен ініме айтып, Ұйғыр театрын сол тізімге қоссаңшы, дедім. «Жарайды, аға, онсыз да ұлт театрларын жіберуге міндеттіміз ғой» деді Дүйсен. Өзіме ұнаған спектакльден мен көп үміт күттім, менің таң қалғаным ұйғыр әртістерінің соншалықты қазақ болып ойнағаны, қазақ бола білуі, қазақтың психологиясын, салт-санасын ешбір қиянатсыз аша білгені, ешбір қиналмай аша білгені таң қалдырды.

Бұл қойылымның Орал фестивалінен үлкен табыспен оралатынына менің ешқандай күмәным болған жоқ еді. Бірақ «жюри» деген ұғым бар, жюриде мүше болатын адамдарда түрлі-түрлі көзқарас деген болады, ондай төрешілердің арасына «театрдың иісі» мұрнына бармаған «қайраткерлердің» кіріп кететін сәттері болады. Және де жазылмаған қағида: фестивальді өткізіп отырған өңір өзіне Бас бәйгені алып қалу керек деген жаман бір дәстүр бар, соның салдарынан спектакльге деген көзқарастың түрлі-түрлі болғанын естіп, қатты өкіндім. Менің ойымша, менің осы күнге дейін өзгермеген түсінігімше, Болат Дәуітов Махамбет ролін ойнаған ұйғыр әртісі, ұйғыр жігіті, ғажап талант, дүниежүзілік биікке көтерілуге мүмкіндігі бар талант, дәл сол әртісті қазақ театрына әкеліп ойнатсаң, Асанәлі мен Тұңғышбайдан бірде кем түспес еді және солармен достасып, құшақтасып бірге жүрер

еді деп ойлаған едім. Оның үстіне, Фатима сұлуды ойнаған Әмина Үсенова мың бұралған ғажап бір періштедей болып көрінді маған. Келбетіне мінезі сай, мінезіне таланты сай, жас періштені мен бір көргенде автор ретінде қатты ұнатқан едім, бірақ Оралдағы фестивалда қорытынды мен ойлағандай болмады. Ары тарт та, бері тарт деген жағдайға душар болыпты қойылым. Сол юридидің бір мүшесі кейін үш-төрт ай өткен соң маған тіл шалды: «Әкім, бір оңаша сөйлесетін шаруам бар еді», — деді. Мен ол кісінің атын қазір айтпай-ақ қояйын, өте сыйлы, құрметті жолдасымның бірі. Екеуіміз онаша кездестік, қалалық бактың ішінде ары-бері жүрдік, әлгі дос болып кеткен ағам маған жымия қарап: «Сенің бір ғажап пьесанды оқыдым жақында, — деді — бұл үлкен шығарма («үлкен» деген сөзді мен әдейі кішірейтіп айтып отырмын бірақ дос боп кеткен ағам маған ба-сқаша, өте биік сөз айтқан еді. Автор өзін-өзі жасыра, өзін-өзі төмендете білу керек деп, мен бұл арада ол сөзді айтпай отырмын.)

— Ол қай шығармам? — дедім, ол алдыменен образдарды түсіндірді. Авторды мұқият талдап түсіндірді. Тамсанып сөйледі. Әдеті бойынша екі қолын кезек-кезек сілтеп сөйледі.

— Сенің драмаларына бұрыннан да тәнтімін! — деді. — Ал, мынауың ғажап! Ғажап! — деп тоқтады.

Мен аға достың бетіне таңырқай қарадым. Көңілін қалдырмауым керек еді, әрине, дәл сол сәтте:

— Ағатай—ау, менің ол шығармамның қойылымын Орал қаласында өзің көріп, өзің бірінші болып «соққы» берген жоқ па едің?! — деген оғаш сөз аузымнан шығып кетті.

Атақты зерттеушінің сол арадағы «жағдайын» түсіндіріп жатпасам да болар. Мен бұл арада қойылым туралы, оған қатысқан актерлар, композитор, суретші туралы пікір жазып отырған жоқпын. Мен бүгін сол жарқ етіп көрінген ғажап туынды, ғажап сахна туындысын, сағына еске алып отырмын. Бұл қойылым сол Дүйсен Қорабайұлы заманында Астанаға шақырылды. Мен театр ұжымымен бірге келдім. Парламент мүшелері түгелдей келген, Астаналық зиялы қауым тұтасып келген сол күнгі көрініс әлі күнге есімде.

Театр Алматыға қанаттанып қайтты. Ал, мен де бір өкінішті дейтінім, осы қазақ тілінде қойылған ұйғыр театрының сол асқақ табысы туралы қазақ баспасөзі жұмған аузын ашпады, ал орыс тілді газеттер аянып қалмады. Қазақ зиялы қауымы, әсілі ұлтшыл болмайтын жерде ұлтшыл бола қалатын, бас көтермейтін жерде едірейіп шыға келетін, сын сағатта бұғып қалатын ерекшелігі бар ғой...

Менің өз ұғымымда Сәулебектің сол қойылымы Қазақстан

театрында аса бір шоқтығы биік шығарма болды. Автор болғандықтан, мақтап отырған жоқпын, дер кезінде бағаланбағандығын басып айтып, опынып айтып, қиналып отырмын.

Біздің елде ұйғыр ағайындар көп емес, ұйғырлар тұратын ауылдар да көп емес, сол спектакльді алып шыққан ұжым бір аптаның ішінде Алматыға қайтып оралды, өріс іздеп оралды, баратын, көрсететін қалың қауым іздеп оралды. Бірақ спектакльдің жолы қысқа болды. Қазақстанның барлық облыстарын аралатамын деген Дүйсен Қорабайұлы басқа қызметке ауысты. Кейін және бір театрға барғанымда сол спектакльді көруге Литва елінің елшісі келген екен. Белгілі жазушы, халқымыздың абзал азматы Тәнекеев Сейдалым ағам да келіп отыр екен. Лық толы зал. Бәріміз отырып тағы да көрдік, көрермен құрметінде шек жоқ, қол соғып, орындаушыларды қайта-қайта сахнаға шақырып, өнерлі ұжымды сахнадан жібермей, ұзақ ұстады, қимай өрең «босатты»

Менің көңілім сол қалпында. Ұйғыр театрына, ұйғыр актерлеріне, Сәулебек ініме осы күнге дейін ризамын. Үмітсіз шәйтан дейді қазақ, мен ойлаймын: сол спектакльді дәл сол театрда Сәулебек Асылханов қайта қоюы мүмкін ғой деп. Сол драмалық шығарманы, сол фантазмагорияны, Исатайы жоқ, бірақ Шоқаны мен Феодоры бар қойылымды қазақ театрлары да Сәулебектің көзімен қарап, Сәулебектің сөзімен баптап, Сәулебектің шошайған саусағына тәнті болып, «былай жүріп», «былай отырып» мойындап, әлі қоятын шығар деген үмітім бар.

Ал бүгінгі мынау мерейтой күні Сәулебекке мен зор табыс тілеймін. Ол басқараған театр салт-сана, әдет-ғұрып театры соңғы жылдарда айтарлықтай табысқа жетті. Құзырлы мекемелер жағынан ресми мойындалатын да кезі болды. «Алпамыс» деген қойылымы маған қатты ұнады.

Театрдың да, Сәулебек режиссердің де болашғы әлі алда. Қартайып, еңкейіп отырған Сәулебекті көрмейсің. Ауыз толтырып айтатын биікке шыққанымен, Сәулебектің шығармашылығы әлі жас және де болашағы бар өнер құбылысы. Оған мен сенемін.

Мерейлі күнің құтты болсын, Сәулебек бауырым.

Әкім Тарази